

*Бейресми аударма*

21 наурыз Рейва дәуірі 5 жыл / 2023 жыл

Жапония Сыртқы істер министрі Ёшимаса Хаяшидің  
Наурыз мерекесіне арналған құттықтауы

Наурыздың 21-і күні Жапонияның Сыртқы істер министрі Ёшимаса Хаяши мырза Наурыз мерекесіне орай аталған мерекені тойлап жатқан елдерге келесі құттықтауын жолдады.

«Жапонияда және бүкіл әлемде Наурыз мерекесін тойлап жатқан баршаңызды шын жүректен құттықтаймын.

Бүгін Жапонияда да "көктемгі күн мен түннің теңелу күні" ретінде табиғатты дәріптейтін және тіршілік иелеріне қамқорлық жасайтын ұлттық мереке, күншуақ көктемнің келуімен бірге елдің түкпір-түкпірінде шие гүлдері мен басқа да гүлдерді тамашалайтын мезгіл болып табылады.

Наурыз мейрамына орай, жаңа жыл сенімге толы жыл болуы үшін Сіздермен бірге ынтымақтастықта жұмыс істеу ниетімді білдіре отырып, келер жыл баршаларыңыз үшін керемет жыл болуын шын жүректен тілеймін."